

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2025–2026 оқу жылында ата-аналармен және ата-аналар коммитетімен жүргізілген жұмыстар туралы

«Аманат» жеке балабақшасында 2025–2026 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыс жоспарына сәйкес тәрбиеленушілердің отбасыларымен тығыз байланыс орнату, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Оқу жылының басында тәрбиеленушілердің қауіпсіздік паспорттары, отбасылық паспорттары және ата-аналар туралы мәліметтері толық рәсімделді. Балабақшаның әлеуметтік паспорты жасалып, тәрбиеленушілердің әлеуметтік жағдайына талдау жүргізілді. Жалпы ата-аналар жиналысы мен топтық жиналыстар ұйымдастырылып, жана оқу жылының мақсат-міндеттері таныстырылды. Сонымен қатар ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары бекітіліп, ата-аналармен келісімшарттар жасалды.

-Қазан-қараша айларында ата-аналардың қатысуымен «Табиғат сыйлары» көрме-жәрменкесі өткізілді. «Балаларды тәрбиелеудегі этикеттің рөлі» тақырыбында кездесу ұйымдастырылып, бала тәрбиесіндегі отбасының жауапкершілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Отбасылық альбомдар дайындалып, «Күзде қонақта» атты фотокөрме рәсімделді.

-Желтоқсан-қаңтар айларында ата-аналар жаңа жылдық ертеңгіліктерге белсенді қатысып, мерекелік іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуіне үлес қосты. Медициналық қызметкер тарапынан «Балабақшадағы денсаулық және дене тәрбиесі» тақырыбында кеңес беріліп, балалардың денсаулығын нығайту жолдары түсіндірілді.

-Наурыз-сәуір айларында ата-аналармен бірлескен байқаулар, шығармашылық конкурстар және мерекелік іс-шаралар өткізілді. Сонымен қатар «Балабақшаның жұмысы туралы сіздің пікіріңіз» атты сауалнама жүргізіліп, ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері зерделенді.

-Мамыр айында «Бір жыл ішінде сіздермен не істей алдық?» тақырыбында жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары өткізілді. Мектепалды даярлық топтарының бітіру кештерін ұйымдастыруға ата-аналар белсенді қатысып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ата-аналар комитетінің қорытынды отырысында жыл бойы атқарылған жұмыстар талданып, келесі оқу жылына ұсыныстар берілді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналардың балабақша өміріне қатысу белсенділігі артты, отбасы мен балабақша арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық нығайды. Балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар өз нәтижесін көрсетті.

Сонымен қатар, 2025–2026 оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарына сәйкес бірқатар жұмыстар атқарылды.

2025 жылдың қыркүйек айында ата-аналар комитетінің жаңа құрамы сайланып, комитеттің жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар барлық топтар бойынша ата-аналар комитеттері құрылып, олардың жұмыс жоспарлары жасалды.

Оқу жылы барысында ата-аналар комитетінің отырыстары тоқсан сайын өткізіліп отырды. Отырыстарда балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары, балалардың қауіпсіздігі, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту мәселелері қаралды. Әр отырыстың қорытындысы хаттамаланып отырды.

Балабақша әкімшілігі мен топ тәрбиешілері ата-аналар комитетін өткізілетін іс-шаралар туралы уақытылы хабардар етіп отырды. Нәтижесінде ата-аналар балабақша өміріне белсенді араласып, барлық маңызды шараларға қатысуға мүмкіндік алды.

Желтоқсан айында Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру барысында ата-аналар комитеті тәрбиешілермен бірлесіп жұмыс жүргізді. Балалардың мерекелік көңіл-күйін көтеруге бағытталған безендіру, сыйлықтар дайындау және мерекелік бағдарламаларды өткізу жұмыстарына қолдау көрсетті.

Оқу жылы бойы ата-аналар комитетінің мүшелері балабақшадағы тамақтандыру сапасына бақылау жүргізіп отырды. Ас мәзірінің талапқа сай болуы, тағамдардың сапасы мен санитарлық талаптардың сақталуы қаралып, тиісті анықтамалар рәсімделді.

Наурыз айында ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған Наурыз мерекесін ұйымдастыру жұмыстарына ата-аналар комитеті белсенді қатысты. Мерекелік шараларды өткізуге қолдау көрсетіп, балалар мен ата-аналардың қатысуымен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жыл бойы ата-аналар тәрбиелік шараларға, байқауларға, көрмелерге, мерекелік ертеңгіліктерге және түрлі мәдени-көпшілік іс-шараларға белсенді тартылып отырды. Бұл жұмыстар отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етті.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыс жоспары толық көлемде орындалды. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізіліп, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізілді.

2025–2026 оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары толық көлемде орындалды. Жоспарда белгіленген іс-шаралар уақытылы жүзеге асырылып, ата-аналардың балабақша өміріне қатысу белсенділігі артты. Балабақша мен отбасы арасындағы серіктестік байланыс нығайып, тәрбиелік жұмыстардың тиімділігі жоғарылады.

Анықтаманы дайындаған:

Әдіскер  Ж.Ж.Сүйешова











